№1өндірістік кеңестің хаттамасы

05.09.2024 ж Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:
№1 кеңес

1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру
2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова баяндама оқыды. Мектепке дейінгі ұйымда 5- күндік жұмыс аптасы екі күн демалыспен бекітілген. МДҰ қызметкерлері кәсіподақ комитетінің келісімімен мектепке дейінгі ұйым директорының бекіткен жұмыс кестесіне, лауазымдық міндеттері мен Ішкі тәртіп ережесіне сай жұмыс істейді, ағымдағы жылдың 01 қыркүйегінен. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлері жұмыс орнына балаларды қабылдауға 15 минут қалғанда болуға міндетті және ауысым аяқталғаннан кейін 15 минуттан соң кетуге. Қызметкерлерге балабақшаның күн тәртібі жайында ақпараттар берілді және қызметкерлерге өз міндеттерін таныстыру барысында жұмыстар жүргізілді.

2.Тыңдалды екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бегманова сөз алды. Жұмысқа кіріспес бұрын тәрбиеші балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау оның міндеті екендігін тұрақты есте сақтауы керек, сондықтан тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Егер балаларды белгілі бір уақытқа қалдыру керек болған жағдайда тәрбиеші тәрбиешінің көмекшісін топтан қашан және қанша уақытқа кетіп қалатындығы туралы ескертіп, оны уақытша өз шаруаларын қалдыра тұрып, балаларды қарай тұруға өтініш білдіру керек.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Бегманова баяндама оқыды. Баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Теңгерімді, әр түрлі диета ағзаға дәрумендердің, минералдардың және басқа да пайдалы микроэлементтердің жеткілікті мөлшерін алуға мүмкіндік береді. Балалар мәзірінде жануарлар мен өсімдіктерден алынған өнімдер болуы керек. Өнімдерді дұрыс таңдау, оларды өңдеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді, тағамдық қоспаларды қолданудың орындылығын жояды.

Балабақшаларда дұрыс тамақтанудың негізі-бұл ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

"мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"мемлекеттік құжатында көрсетілген. Әр түрлі жас топтары үшін олардың нормалары әртүрлі. Егер сіздің балаңыз 1 жастан 3 жасқа дейін болса, оған күніне орта есеппен 53 г ақуыз, 53 г май және 212 г көмірсулар қажет, ал 3 жастан 6 жасқа дейін — сәйкесінше 68 г, 68 г және 272 г.

Біздің балабақшада балалардың тамақтану нормаларын ескеретін маусымдық мәзір жасалады. Бала күніне белгілі бір мөлшерде ет, май, айран, жеміс және т.б. алуы керек.

4.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Бегманова қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін коммисия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды, қызметкерлер коммисия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

ЖШС "Баязит-ата" бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылының штаттық кестесі

№	ФИО	Штат саны	қызметі
1	Бегманова.А	0,5	Меңг-ші
2	Шүкірбаева.Ж	0,5	Есепші
3	Мақұлбекова.П	1	Тәрбиеші
4	Каленова.А	1	Тәрбиеші
5	Дүйсебаева.Б	1	Тәрбиеші
6	Нұрахова.Ұ	0,5	Тәрбиеші
7	Әсілбек .А	1	Тәрбиеші
8	Кенжебекова.А	1	Тәрбиеші
8	Кенжебекова.А	0,5	Тәрбиеші
9	Мүтәлі.Г	1	Көм тәрб
10	Борашева А	1	Көм тәрб
11	Туланова.Э	1	Көм тәрб
12	Саттар.Н	0,5	Мед-ке
12	Саттар.Н	0,5	Аспаз.көм
13	Сулейменова.Х	1	Опер.маш
13	Сулейменова.Х	0,5	Каст-ша
14	Дуйсенбаева.З	1	аспазшы
15	Сулейменов.Ж	1	күзетші
15	Сулейменов.Ж	0,5	от жағу
16	Усентаев.М	1	подсобный
16	Усентаев.М	0,5	разнораб
17	Доскараев.А	0,5	күзетші
17	Доскараев.А	0,5	завхоз

Шешімі:

1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.

3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын.

4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Кеңес төрайымы: **А.Бегманова**

Хатшы: **А.Әсілбек**

№2өндірістік кеңестің хаттамасы

09.12.2024 ж Қатысқандар саны- 16

Күн тәртібі:
№2 кеңес

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық
5.Ай сайынға балалардың балабақшаға келуі мен жеке бас гигиенасына бақылау

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі: А.Бегманова өткен кеңес шешімі бойынша барлық топта тазалық жұмысы ұдайы жүргізіліп,барлық топтың жылы темпертаурасыбір қалыпты болғанын, сонымен қатар балалардың балабақшадағы қауіпсіздікті сақтау шаралары жүргізілгені және тәрбиешілерге сабақ жоспары бойынша күнделікті көмек көрсетілгенін айтты. Жас мамандарға түсіндіру жұмыстары күнделікті жүргізілді.

2.Тыңдалды шару меңгерушісі А.Доскараев«Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп,мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22^0 С қалыпты температурa сақталуда екенін айтты. Меңгеруші А.Бегманова жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі:А.Бегманова ішкі еңбек тәртібі бойынша барлық қызметкерлер жұмысқа уақытында келіуге, тәрбиешілер формамен балаларға сабақ жүргізу керектігін ал, тәрбиеші көмекшілербалаларға тамақ беріп ыдыс жуғанда арнайы форма ал, еден жуып бөлме тазалағанда басқа форма киіп қызмет атқару керектігін. Балабақшада этика –эстетика нормаларын сақтау керектігін. Балабақша ішіндегі қандайда бір мәселені өз ара талқылауға сыртқа шығармауға барынша әдеп сақтау керектігін түсіндірді.

Сондай-ақ 2024-2025 оқу жылында кезекті еңбек демалысына кай қызметкер қай уақытта шығатыны талқыланды. Нәтижесінде әр қызметкер жазғы

демалысқа құрған жоспарына сайкезекті демалысқа шығаруын меңгерушіге ұсынды. Меңгеруші келісті.

4.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Бегманова жаңа жыл ертеңгілігі өткізілетінін соған орай уақытылы сценариі құрылып, балалардың өміріне қауіп төндірмейтіндей жағдайда өткізу керектігін айтып кетті. Балалар ән айтып, би билеп жақсы көңіл-күйде болатындай жағдай жасалыну керектігін ескертті. Тәрбиешілер келісті.

5.Тыңдалды медбике сөз алды.Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде балаға бақылау жасайды. Баланы балабақшаға қабылдап алған кезде медбикенің баланың дене жарақатының бар жоқтығын қадағалау тәрбиеші міндеті. Тәрбиешілер балалармен сабақ өткен кезде топ бөлмесінде бала үшін қауіпті заттардың тұрмаун қадағалайды. Сонымен қатар баланы үйіне қайтарар кезде мас және бөтен адамға, тым кішкентай балаға бермеуін қадағалайды. Тәрбиеші балаларды балабақшаның ауласынан тыс жерге кетіп қалмауында қадағалау керек сонымен қатар балалар демалыс күнінен соң үйінен таза жалпы гигиена талаптарын сақтап келгендігін медбикемен тәрбиеші қадағалау керектігін балабақшаға келгеннен кейін әр тамақтану алдында тазалық шараларын қатаң сақтау керектігін түсіндіріп сөзін қорытындылады.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жылу жүйесі толықтау бақылауға алынсын
3. Балабақшада барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібіне сай жұмыс жүргізсін.
4. Жаңа жыл ертеңгілігі тиісті деңгейде өткізілсін. Балалар қауіпсіздігі сақталсын.Ертеңгілікте балалар толықтай медбике бақылауында болсын.
5. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау үшін қажетті барлық шаралар қолға алынсын.

Кеңес төрайымы: **А.Бегманова**

Хатшы: **А.Әсілбек**